

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

**«KEGOC» АҚ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ
ДИВИДЕНДТІК ТӨЛЕМДЕРДІҢ МӨЛШЕРІН
БЕЛГІЛЕУ КЕЗІНДЕ КОМПАНИЯ МЕН
АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН САҚТАУҒА,
КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ
ОНЫ КАПИТАЛДАНДЫРУҒА, ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНДА
ЕСКЕРІЛГЕН АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚҰРМЕТТЕУГЕ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫ ҚАТАҢ САҚТАУҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ.**

Компания капиталдандырудың өсуімен қатар бір жылдағы таза табыс көлеміне және Компанияның өндірістік пен инвестициялық қызметін дамыту қажеттіліктеріне негізделе төленетін дивидендтер көлемін арттыруға ұмтылуда.

Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары болып Компанияда есептік кезеңдегі таза пайданың немесе бөлінбеген пайданың болуы; Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның дивидендтің саясат туралы ережесінде ескерілген дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы; Компанияның Акционерлердің жалпы жиналысының дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау табылады.

Тиісті қаржы жылындағы немесе жартыжылдықтағы таза табыс немесе ХҚЕС-ке сәйкес жасалған «KEGOC» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде есептелетін бөлінбеген пайда акционерлерге дивидендтер төлеу кезі болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесі қаржылық жылдағы немесе жартыжылдықтағы таза табысты бөлу тәртібі және дивидендтер мөлшері туралы ұсынысты дайындаған кезде дивидендтерді төлеуге жұмсалатын сома таза табыстың кемінде 60%-ын құрауы тиіс екендігіне сүйенеді. Жыл қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді Компанияның жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін Акционерлердің жылдық

жалпы жиналысы қабылдайды. Жарты жылдың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Компанияның тиісті кезеңдегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін 3 ай ішінде қабылдауы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің ұсыныстарын қарап, өз қалауы бойынша «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдайды, «KEGOC» АҚ-ның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекітеді, және де дивидендтерді төлеудің басталу күнін белгілейді.

«KEGOC» АҚ-тың дивиденд төлемдері

Кезең	2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл
	1 жар- тыжылдық	2 жар- тыжылдық	1 жар- тыжылдық	2 жар- тыжылдық	1 жар- тыжылдық	2 жар- тыжылдық	1 жар- тыжылдық	2 жар- тыжылдық	1 жар- тыжылдық	2 жар- тыжылдық	1 жар- тыжылдық
Бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері, теңге	67,17	48,86	77,09	75,01	84,72	50,85	65,44	50,59	77,74	79,5	82,4
Жиынтық есептелген дивидендтер сомасы, мың теңге	17 464 107	12 703 532	20 043 293	19 502 496	22 027 082	13 220 929	17 014 309	13 153 330	20 212 292	21 885 772	22 684 121
Дивиденд төлеу туралы шешім қабылдаған эмитенттің басқару органы											
Акционерлердің жалпы жиналысы											
Шешім қабылданған басқару органының жиналыс күні және хаттама нөмірі	2019 жылғы 25 қазан №14	2020 жылғы 29 мамыр №17	2020 жылғы 23 қазан №19	2021 жылғы 27 сәуір №21	2021 жылғы 29 қазан №24	2022 жылғы 26 мамыр №27	2022 жылғы 27 қазан №29	2023 жылғы 2 мамыр №31	2023 жылғы 26 қыркүйек №34	2023 жылғы 2 мамыр №35	2024 жылғы 11 қазан №36
Дивиденд алуға құқылы тұлғалардың тізімі жасалған күн	2019 жылғы 4 қараша	2020 жылғы 8 маусым	2020 жылғы 29 қазан	2021 жылғы 11 мамыр	2021 жылғы 8 қараша	2022 жылғы 7 маусым	2022 жылғы 15 желтоқсан	2023 жылғы 12 мамыр	2023 жылғы 26 қыркүйек	2024 жылғы 24 мамыр	2024 жылғы 28 қазан